

ҚЫРЫҚОБА ҚОРЫМЫ ЖӨНІНДЕГІ ХАЛЫҚ ТҮСІНІКТЕМЕЛЕРІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ (Орал облысындағы «Қырықоба қорыны» зерттеулері негізінде)

Халық ұғымы бойынша, Қазақстанның бүкіл өнірлеріне тән, яғни обаларға байланысты екі түсінік қалыптасқан: – «қалмақтың обасы» және «мықтың үйі». Ең көп тарағаны және дәріптеletіні – «қалмақтың обасы». Бұл халық жадында жонғарлармен арада болған қайшылықтардың салдары негізінде сакталып қалған. «Мықтың үйі» халық санасындағы ен архаикалық түсінік. Осы тұста тоқтала кететін жайт – ол керексүр. Бұгінде археологиялық ескерткіштердің белгілі бір түрін (типовиясын) білдіріп, арнайы ғылыми терминге айналған бұл атаудың түпкі мәніне тоқталсақ, шындығында, бір-бірінен алшақ жатқан екі түрлі түсінікті көреміз. Керексүр монғол тілінен алынғаны белгілі. Қазақ халқының «қалмақ обасы» дейтіні сияқты, монғол халқын-

да обаларды жалпыхалықтық – «хирэксүр» деп атаяу қалыптасқан. Түпкі мағынасы «қырғыздың обасы» дегенді білдіреді. Бұл да монгол халқының бір кездердегі қырғыз халқымен арада болған тарихи оқиғалар негізінде сакталып қалған көне сарын болуы керек.

Келесі бір назар аудараптық жайт халық санасындағы обалардың өні және саны жөніндегі түсініктері. Түсіне байланысты «қара оба», «сары оба», «ақ оба» деп ерекшелейді. Ескерткіштерге байланысты қалыптасқан сандық түсініктер де өте шектеулі. Олар келесідей болып келеді: «жалғыз оба» немесе «қара оба», «қос оба», «бес оба», «қырық оба». Обалардың саны жөнінде халық түсінігінде басқадай атаулар кездеспейді. Келтірілген атаулар тек обалардың санын ғана

білдіріп қоймайды, сонымен қатар жер атавы ретінде қалыптасып кеткен ұтымдар. Қебіне халық көзге іліге бермейтін кішігірім обаларды ескермей, тек алғыстан көзге түсетін еңселі обалар шегінде ғана атай береді. Әсіресе сандық түсініктердің ішінде соңғысы өз атауынан алшақ жатады. Шартты түрде «Қырықоба» аталғанымен бүндай қорымдарда одан да көп обалар топтасуы мүмкін. Мысалы Ақтөбе облысының Ойыл ауданына қарасты «Қырықоба» корымында, шын мәнінде, 161 оба шоғырланған.

Казакстанның ұсақ шоқылы аймағына жататын орталық өнірлерде обаларға қатысты жиі ұшырасатыны «қара оба» және «қос оба» атаулары. Әрбір бұлақ-сулардың, тау-тастың, белдін, төбенің, асу-кезенің өзіндік атаулары бар бүндай өнірлерде обаларға қатысты атаулар тым сирек ұшырасады. Тек қыстау, жайлау төнірегінде ғана нақты бір жер атавы ретінде «Қароба», «Қособа» ұғымдары көп тараған.

Негізгі тақырыбымызға оралатын болсақ, Орал облысының Бөрлі ауданы жерінде орналасқан «Қырықоба» корымында археологиялық зерттеулердің жалғасып келе жатқанына бірнеше жылдың жүзі болды. Әсіресе соңғы жылдары бұл қазба жұмыстары кен сипат алғып, қарқынды түрде жүргізіле бастады. «Қырықобаның» жартысы болмаса да, соған жуығы қазылып бітті. Бірақ әлі күнгө зерттеуші мамандардың назарынан тыс қалып келе жатқан бір мәселе бар. Ол «Қырықобаның» «шеті қайда», «шегі қайда» деген сұрап. Біз тек қорымды шартты түрде «Қырықоба I», «Қырықоба II», «Қырықоба III» деп бөліп, зерттеулерімізге сай жіктелеп жүрміз.

Жергілікті тұрғындар арасынан жинақталған мәліметтердің барысында бұл «Қырықоба» топонимі обалардың санына қарап қойыла салған жай бір атав емес екеніне көз жеткіздік. Керісінше халық ертеден бұл жерді ерекшелеп ардак (әулие) тұтып, әрі белгілі бір тарихи кейіпкерлермен байланыстыра отырып жадында сақтаған. Және де «Қырықобаның» шет-шегін анызben ұштастыра отырып анықтап келген. Яғни, «Қырықобаның» басталатын және аяқталатын түсын нақты белгілеген.

¹ Дың қараоба – батыс өнірлерге тән атаулар. Алыстан көрініп, оқшаша тұрған бік обаны жекелеп «Дың қараоба» деп атав қалыптасқан. Мұндай атаулар Ақтөбе облысы жерінде де жиі ұшырасады. Мысалы, Покровка елді-мекенінің (Ресей территориясында) батыс жағында орналасқан жалызы обаны «Жоламаның қараобасы» деп атайды. Бұл обаны кейде «Дың қараоба» деп те атайды береді. Жоламан табын Бекенбай батырдың баласы (III).

² Төмпек – жергілікті говор. Жергілікті халық көбіне көтерінкі төбешіктерді, қолдан үйілген топырақ төбелерді «төмпек» деп атай береді.

Бұл аңыз халықтың обалардың пайда болуын түсіндіруге арналған қиялының жемісі болғанымен, арасынан кейбір тарихи жайтарддың көрініс беретінін жокқа шығаруға болмайды. Аңыз өзінің бойында ногайлы кезенінің (XV–XVII ғғ.) іздерін сақтаған. Аңызда тарихи тұлға Едігемен қатар казақтың талай аңыз-жырларына арқау болған қалмақ батыры Қоренінің аты аталағы.

Зерттеуші (археолог) үшін бұл аңыздың ешбір құны болмасы анық. Оның үстінен екі мың жылдан астам тарихы бар қорымды XV ғасырдағы Едігемен байланыстырып тұрса, онда бұл аңыздың қандай маңыздылығы бар дейсін.

Бірақ, шындығында солай ма?! Зерделеп карай білген адамға бұл ауызша мәліметтердің берер құндылықтары бар. Ең бірінші кезекте, ол қорымның тарихи аясын, яғни микротопографиясын анықтауға жол ашады. Аңыз халық түсінігі бойынша «Қырықоба» қорымының алып жатқан жалпы ауқымын ғана емес, сонымен қатар оның кай тұстан басталып, қай тұстан аяқталатынына дейін нақты түсініктеме береді.

Аңызда ногайлы кезенінің елестерінің сақталып қалуының арғы жағында тарихи шындықтар жатыр. Өйткені батыс өнірлер – ногайлы кезенінің бүкіл тарихи болмысын бастан кешірген өлке. Едігенің, одан кейін оның үрпактарының билік етіп, иелік еткен аймағы Еділ-Жайық бойы екені арнағы зерттеулерден белгілі.

Калмақтардың да аталауының жаңы бар. XVII ғ. қалмақтардың біраз белілігінің Қазақстанның солтүстігі арқылы жылжи отырып, ногайларды ығыстырып осы өнірлерге (Еділ-Жайық) ірге тепкенін білеміз. Бұл оқиғалар өз іздерін жазба деректер, ауыз әдебиеті үлгілерімен қатар жер-су атауларында сақтап қалды.

Міне осы тарихи оқиғалар іздері өзара астаса отырып бір ғана «Қырықоба» корымына байланысты көрініс тапқан.

Жергілікті тұрғындардың айтуынша «Қырықоба» деп Аққайранан «Дың қараобага»¹ дейінгі аралықтағы «төмпектерді»² атайды (I). Аққайран Жайық өзенінің жағалауының бір түсінің атауы. Ол Данилакөл ауылынан батыска қарай 3-4 км қашықтықта орналасқан. «Дың қараоба» бүтінде

зерттеушілер арасында «патша қорғаны» деген атпен аталып жүр. Бұл патша қорғанының онтүстік етегін ала екі ұзынша оба («батондар») орналасқан. Аныз бойынша бұл «Дың-қараоба» Қорен қалмақтықі, ал қалған төмпектер оның 40 үеziрінің обалары екен.

Бұл жөнінде келесідей аңыз желісі сакталған. Яғни, «Едіге осы қалмақтардың көзін жоймақ болады. Бір күні ол Қорен қалмақтың қырық үеziрімен бірге суға түсуге Аққайранға келеді. Қайтар жолда ол қырық үеziріне «ат жарыстырайық» дег қолқа салады. Сөйтіп Едіге артта қалып қойған болып, ат түяғынан көтерілген шан-тозанды пайдаланып, қырық қалмақты біргіндеп қуып жетіп, жеткен жерінде шетінен өлтіре береді. Осылайша қырқын да өлтіріп болып, шауып отырып Қорен батырға келеді. Келсе Қорен шатырында ұйықтап жатыр екен³. Бір ұйықтаса жеті күн, жеті түн ұйықтайдын батыр екен. Әйелі қазақтың қызы болады. Аты – Қарлығаш. Едіге Қарлығаштың ақылымен Қорен қалмақты аяғынан арқанға іліп алып, атқа сүйретіп өлтірмек болады. Әбден сүйретіп «кеудесінен жаны шықты-ау» дег арқанды босата бергенде Қорен арқанға жармаса кетеді. Сол кезде Едіге қылышпен Қоренің белден шауып жібереді. «Дың-қараоба» сол Қорен қалмақтың қеудесі екен. Ал екі ұзынша төмпек («батондар») тәріздес обалар – O.O.) бөлініп қалған аяқтары екен» (I). Қалмақ батыры Қоренің өлімі Қобыланды жырындағы Қызыл Ердің өлімімен үндес келетінін байқауға болады. Соңдай-ақ Қоренің әйелі Қарлығаштың Қобыланды батырдың қарындасымен аттас екенін анғарамыз.

Бұл қырық обаны ұзыннынан ұзақ тізбектеліп жатқан обалар тізбегі деуге болмайды. Орналасуы жағынан сан қылы және ұзік-ұзік келіп, бір бірінен алшакта орын тепкен. Бір тұстарда шоғырлана орналасса, енді бір жерлерде тізбектеле орналасқан. Накты айтқанда «Қырықоба» қорымы солтүстік-батыстан (Аққайраннан) онтүстікке («Дың қараобаға») қарай созылып, шашыраңқы жатқан обалар тізбегі мен шоғырларынан тұрады. Сонымен катар қорымның хронологиялық шенберін бір ғана сармат кезеңімен шектеу кисынсыз болмак. Әсіреле Аққайраннан қазіргі қазылып жатқан «Қырықоба» II қорымына

дейінгі аралықта ірілі-ұсақты басқа да кезеңін (ортағасырлық) ескерткіштері кездеседі. Арасында, уақытында бас жағында құлпытастары тұрған топырактан үйілген XIX ғ. қазақ қабірлері ұшырасады. Бұғінде тек кейбіреулерінде ғана тас сыйныктары сакталып қалған. «Қырықоба II» қорымы тізбегінде орналасқан обалардың бірін жергілікті халық «Ақмола» дег атайды. Әрі оны өулие санап, ол турасында түрлі өнгімелер айтады⁴.

Осы «Қырықобаға» байланысты тағы бір тың дүние оның косалкы атавы – «Қырықмар». Бұл соңғы атава ескі карталарда жақсы көрініс тапқан. «Мар» деген түбірге келетін болсақ, бұл сөздің түң төркінінің қайтадан осы қалмақ халқымен байланысты екенін көреміз. Яғни, «мар» атавы батыс өнір қазақтарының түсінігінше оба дегеннен ғорі, қалмақ халқымен байланысты сакталып қалған ұғым. Мұның дәлелін алыстан іздемей-ақ осы өлкелерде ұшырастын жер-су аттарынан көреміз. Мысалы, Орал облысының Жанақала ауданына қарасты Пятимар ауылының атавын алып қарайық. Жергілікті тұрғындар Пятимарды қазақша «Бесқалмақ» дег атайды. «Бесқалмақ» атавының шығу тегі жөнінде ел ауызында XX ғ. бірінші ширегінің аяғына дейін бұл төніректе қалмақтардың отырганын, солардың бес байының жайлаган жері деген мәліметтер сакталған (II). Мар атавына үндес келетін басқа да жер аттарын Ақтөбе облысы жерінен ұшыратамыз. Мысалы «Мартөк» (аудан аты). Міне осы, «мар» ұғымы обамен қатар еліміздің батыс өнірінің тұрғындарының жадында сакталып келе жатқан көне түсініктердің бірі.

Корыта айтқанда «Қырықоба» топонимі жайғана қойыла салған атава емес. Бұл атаудың артында халықтың түсіндірмелік аңыз желісі тұр.

Бұғінде «басы жок, аяғы жок» қазылып жатқан «Қырықоба» қорымын ғылыми түрде дәйектеп, жан-жакты негіздеуде бұл халықтық тарихтың да қосар өзіндік үлесі бар. Осы аңыз мәліметтеріне сүйене отырып «Қырықоба» қорымын жүйелі түрде жіктеуге болады. Яғни, «Қырықоба» қорымын тұтас бір кешен дег ала отырып, келесідей жіктерге бөлуге болады: басталар тұсы – «Дың кароба» қорымы («Қырықоба» I); орта тұсы – «Ақмола» қорымы («Қырықоба» II); аяқталар тұсы – «Аққайран қорымы» («Қырықоба» III).

³ Қорен қалмақтың шатыр тіккен жері болып сол «Дың қараобаның» тұсы айтылады.

⁴ Бұндай жерлерге байланысты халық арасында көң тараған нағым бойынша ол тұсқа келгенде техника сынады, кейде апатқа ұшырайды, т.с.с.

ИНФОРМАТОРЛАР

I. Қожахметұлы Рахметолла. 1932 ж.т. Руы: Жетіру-көрді. Тұрғылықты жері: Орал облысы Бөрлі ауданы Данилакөл ауылы / Қолжазба дәптер. № 1.— БҚАЭ-2006 (жетекшісі Ж.Е. Смаилов).

II. Өтепәлікъзы Қалия. 1924 ж.т. Руы: Адай. Тұрғылықты жері: Орал облысы Жанақала ауданы Бесқалмак ауылы / Қолжазба дәптер. № 1.— ОЭЭ-2005 (жетекшісі С.Е. Әжіғали).

III. Сүйегали Ермұханұлы. 1937 ж.т. Руы: Табын – әшірбек. Тұрғылықты жері: Ақтөбе облысы, Қобда ауданы, Жиренкопа ауылы / Қолжазба дәптер. № 1. ААЭ-2005 (жетекшісі Ж.Е. Смаилов).

Резюме

В статье рассматривается топоним Кырыкоба в связи с исследованием могильника по программе «Культурное наследие». На основании сведений информаторов выясняются границы памятника, охватывающего значительную территорию. По данным этих сведений выясняется название основного т.н. «Царского» кургана — Дын Караоба. Анализируя данные топонимики связанных с курганами дается народное понятие численному соотношению в котором отдается предпочтение назва-

ниям связанным с одиночным курганом (Жалғыз оба, Караоба), парным курганом (Кособа), пятью (Бесоба), и сорока курганами (Кырыкоба) несмотря на несоответствие численности. Изучение топонимики памятников археологии в частности курганных могильников позволяют нам узнать ландшафтное восприятие этих объектов кочевниками — казахами.

Summary

In the article the name of Kyrykoba region is revised in connection with study of Iron Age mound cemetery which has the same name. Archaeological research leads under the State program «Cultural heritage». According to information received from locals the borders of a monument encompassing vast territory are found out. Also the information about the name of the basic so-called «Tsar» burial mound — Dyn Karaoba was found out. Analyzing the data about map object names connected with mounds the national concept to a numerical parity in which one is given is preferred to the titles connected with solitary mound (Zhalgyz oba, Karaoba), pair mound (Kosoba), five (Besoba), and forty mounds (Kyrykoba) despite of non correspondence in number. Study geographical names of environments of archaeological monuments in particular mounds allow us to find out landscape perception of these objects by nomads - Kazakhs.